

Қазіргі кездегі кіріктіре отырып оқыту (интеграция) әдісін де Ы.Алтынсарин өз тәжірибесінде қолданғанын байқауға болады.

Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші-білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан, әлемдік білім кеңестігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе.

Бұл мәселенің шешу кілті ұстаз қолында. Өйткені, ұстаз елдің ертеңгі тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиелейді. Ұстаздың негізгі құралы сабақ.

Ы.Алтынсариннің «Мұғалім балалармен істес болады: егер олар бір нәрсені түсінбесе, онда мұғалім шәкірттерді кінәламай, олардың көкейіне қондыра алмағаны үшін өзін-өзі кінәлауға тиіс» деген ұлағатты сөзін, үнемі басшылыққа алып отырамын.

Ы.Алтынсарин «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім-мектептің жүрегі»-деп бекер айтпаған. Өйткені қазір мектеп алдындағы міндеттерді шешуде мұғалімнің кәсіби құзырлығы басты алғы шарт.

Ыбырай атамның мына бір сөзінде бір мән жатыр «Халық мектептері үшін ең керектісі оқушы. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы өкімет бұйрықтарды да, әбден мұқият түрде жүргізілген инспектор бақылауы да оқушыларға тең келе алмайды. Сондықтан да мен оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін» – деп айтқан екен ұстаз! Осы бір сөздің өзінде қаншама мән –мағыналы қасиетті ұғым жатыр. Ұстаздың алдынан өтпейтін ешкім жоқ.

Ыбырай «Мектеп қазақтарға білім берудің басты құралы.... Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек осы мектептерде» – деп айтқан. Сол мектепте балаға білім беріп қоймай, тәрбиеге мән беріп, әр баланы сүйіспеншілікке бөлеп, жан дүниесімен сырласып, рухани болмысын терең түсініп риясыз махабатқа бөлеу Ыбырайдың сара жолынан өмір бойы сусындап, өнегесінен өнеге аламыз деп үміттенемін.

Ыбырай армандаған «Өнер білімі бар жұртқа» – терезесі тең шаңырағы биік мәдениеті озық тәуелсіз елге айналып отырған бүгінгі заманда жаңа типті мектептер салынып, пайдалануға беріліп жатыр. Дарынды балалармен жұмыс бағдарламасы жүзеге асу үстінде. Жастарды шет елдерде оқытуға мүмкіндік алдық. Жаңа буын оқулықтар, электронды оқулықтар, білім беру ісіне енді.

Осындай жаңа даму үрдісі алға басып отырғанда, Президентіміз айтқандай әрбір ұстаз –рухы таза, ой-өрісі биік, ұлты мен Отанының болашағы үшін тер төгіп, өз бойындағы асыл қасиеттері мен білімін болашақ ұрпақтың бақыты мен кәдесіне жаратып, қоғамды өрге өркендетуші, жаңашылдықтың бастаушысы болуы керек.

Ы.Алтынсарин: «Өз Отанының пайдасын көздеген» ауыр, кейде қауіпті болған қоғамдық еңбекті өзі үшін шын бақыт деп санады. Өз өмірінің мақсаты мен мәні туралы айта келіп, ол: «Кімде-кім өзінде барымен яғни өзінің адал еңбегімен қанағат етсе, шын бақытты адам сол» – деген еді.

Қазақтың ас көрнекті педагогі, жазушысы Ы.Алтынсариннің шығармаларын оқыта отырып ұлттық құндылықтарымызды, рухани мұрамызды бүгінгі ұрпақ бойына сіңіру, Ыбырай мұраларын жеріне жеткізе зерттеп, оның ұстаздардың ұстазы деп әркез әспеттеп отыру – бәріміздің абыройлы борышымыз.

Әдебиеттер тізімі

1. **Алтынсарин Ы.**, Қазақ хрестоматиясы, Алматы «Білім», 2007.
2. **Алтынсарин Ы.**, Өнер білім бар жұрттар, Алматы «Жалын» – 1991.
3. **Кенжебаев Б.**, Бала –біздің болашағымыз. 2001.
4. **Қоңыратбаев Ә.**, Қазақ әдебиетінің тарихы Алматы, «Санат» 1994.
5. **Ламашев Ә.**, Ыбырай Алтынсарин, Алматы «Ана тілі» 1991.

ӨОЖ 37.01

ҚАЗАҚТЫҢ МАНДАЙЫНА БІТКЕН ТЕКТІ ТҰЛҒА

Кыдралина А. Т. – қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі педагог-сарапшы,

Нуркина С. Т. – қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі педагог-сарапшы,

Гошовская А. Л. – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Бұл мақалада Ыбырай Алтынсариннің білім беру жолындағы атқарған игі істері сипатталған. Сондай-ақ алғашқы ашылған мектептің жұмысы баяндалады. Мақалаға арқау болған жанның тек ағартушылық қызметі ғана емес, шығармашылық тұсы да көрсетілген. Сондай-ақ танымал жандардың ыстық естеліктері де бар.

Кілт сөздер: білім, өлең, өңгіме, естелік, мектеп.

Білім беру саласы адамзаттың жарық дүниені тереңінен танып, қасиеттеріне үңіле алуына ықпал етіп, зор мүмкіндіктерді ұсына алмақ. Бүгінгі таңда елімізде сапалы білім, саналы тәрбие беру жолында оң бағытты ұстанып келеді. Алайда, тарихқа үңілетін болсақ, елімізден шыққан зиялы тұлғалар болмағанда, мұндай жетістіктермен қуана алмас едік. Қазақтың маңдайына біткен текті ұлдары мен қыздары жетіп артылады. Олардың арасында шоқтығы биік тұлғалардың бірі Ыбырай Алтынсарин. Жастайынан зерек, ойы ұшқыр, талғамы биік жан әкесінен жастай жетім қалса да, тағылымды тәрбиені Балғожа атасынан алып, көзі ашық, көкірегі ояу азамат болып өскен. Өз заманында өте үлкен беделге ие болған Ыбырайдың атасы, жарқын болашақтың кепілі білім алуда деп есептеген. Сол себепті, өз немересінің де білім алуына еш кедергі келтірмей, керісінше үнемі қолдау көрсетуге тырысқан. Бойында ақындық өнері бар Балғожа би, Орынборға оқуға аттандырған немересіне "Үміт еткен көзімнің нұры, балам", деп өлең жолдап, ауылда жүрсең құрық ұстап, мал бағып, қарабайыр тіршілікпен қамалып қалар едің, одан да оқы, білім ал, зейінің ашылсын деп өсет етеді. Осылайша, ерекше ынтасының арқасында білімді игерген Ыбырай Алтынсарин, қазақ қоғамына да жаңашылдық енгізіп, ұлтының ұландарын да оқытсам деген ниеті пайда болады. Бастапқыда мектеп ашу жағы қиындық тудырғандықтан, ауыл балаларын өз үйінде қабылдап, бар білгенін үйретуге тырысады. Торғай мектебі 1864 жылы ғана ашылады. "Осы жылы қаңтардың 8-і күні көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді. Бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай қызу кірістім", – деп жазады, ол белгілі шығыстанушы, профессор Н.И. Ильминскийге жолдаған хатында. Ол өзінің сабақ беру үлгісін орыс мектептеріне қарап жасап, тіпті, орыс тілін меңгерту барысын да мықтап қолға алды. Ондағы басты мақсаты, ауыл балаларының кез-келген істе хабары болып, жаңашылдықты өз беттерімен игерсе деген тілегі еді. Айта кетейік, алғаш оқуға қабылданған балалар арасында барлығы бір ауыз орыс тілін білмейтін еді. Асқан табандылық пен ұстаздық шеберлігінің арқасында тілді меңгеру барысы Ыбырай Алтынсариннің қолынан келді. Себебі, биліктің көбісі орыс үкіметіне қарап тұрған шақта, құжаттар да, Халқының қамын жеп, көзі ашық, көреген ұландар тәрбиелеймін деп бар саналы ғұмырын білім беру саласына аранған жан, Ресей мен еуропаның озық мәдениетін қарапайым ауыл балаларының бойына дарытуға мақсат тұтты. Бір қарағанда, Ы.Алтынсарин тек ағартушылықпен айналысқан сияқты көрінгенімен, ол қазақ даласында мәдениеттің жаңа үлгісін енгізіп, жалпақ жұртқа жариялай білген жан. Бар бақытын тек төрт түліктің түгелдігімен балаған қазақ даласында мектептің пайда болуына түрткі болып, асау мінезді елінің бойында білімге деген алғашқы шамшырақты жаға білгендігінің өзі үлкен еңбекке пара пар. Білім мен мәдениетті қатар меңгертіп, талай жылдар бойы бірізділікпен жалғасып келе жатқан дала заңына өзгеріс енгізуі нағыз халқына жаны ашыған азаматтың тірлігі.

Жаңадан ашылған мектептің киім кию үлгісі қазақи нақышта, салт-дәстүрге ыңғайлы, салт атпен жүруге, түрлі дене жаттығуларын жасауға бейімделіп жасалды. Себебі, оқуға енді бет бұрған жеткіншектердің ойын тек күрделі тапсырмалармен толтырып қоймай, олардың кең жазиралы далада еркін ойнап, таза ауада көбірек болуына жағдай жасалған. Яғни, ойната отыра оқыту, оқыта отыра сергіту жаттығуларын жасау сол уақыттан бері қалыптасқан әдіс-тәсіл десе болады. Бұл әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жоймай келеді. Ойын элементтерін сабақта қолдану ұтымды тәсілдердің бірі. Бұл ережелердің бәрін Ыбырай Алтынсарин сол кезден-ақ аңғарып, өзінің тәжірибесінде қолдана білген.

Негізгі игерген пәндердің арасында жаратылыстану және гуманитарлық бағыттағы пәндер бар. Яғни, ана тілі, орыс, татар тілдері, география, геометрия, ән-күй, гимнастика. Әр пәнге жекелей түрде жоспар жасалып, қызықты әрі танымдық негізде білім бере білген. Сонымен қатар, оқушылардың бойындағы өнерін дамыту барысы да басты назарға алынып, үнемі әдеби-музыкалық кештерді ұйымдастыру да назардан тыс қалмаған.

Ең ғажабы, Ыбырай Алтынсарин білім беру барысында баланы қорқытып, қоқаң-лоқы көрсетіп, күшпен оқытуға қатаң тиым салған. Себебі, бойын үрей билеген оқушы ойын еркін жеткізе алмай, тіпті тілі кекеш шығуы мүмкін екендігін алға тартады. Сондықтан да, өз шәкірттерін үнемі қадірлеп, кішіпейіл, ұқыпты болуға үндей отыра, тәрбиеге де баса назар аударады. «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс», – деген сөзі Ыбырай Алтынсариннің қанатты сөзі ретінде бүгінгі күнге дейін жетіп отыр.

Қазақ балаларына арналған бұл алғашқы мектеп болғандықтан, оған «баламызды шоқындырып жібереді» деп қазақтардың көбі сенімсіздікпен қараған. Бұл жайында Мұхтар Әуезов 1923 жылы «Шолпан» журналында жарық көрген «Ыбырай Алтынсарин» деген мақаласында: «Сонымен шолға бала бермегендердің көбі «Әлде қандай болып кетеді?» деген сенімсіздік көзбен қарады. «Сынайық», «көп болса, бір бала садақ болар» дегендей қылды. Мұны шолды ашушылар білген еді. Сондықтан олар шол ашылғаннан бастап, ел арасында жайылған «Дақпыртын» сөзі орынсыз екендігін көрсету жағын өте қарастырады.

«Ыбырайдың ағартушылық қызметінің халық арасында айырықша беделге ие болып, оның өзінің озық қоғам қайраткері ретінде белгілі дәрежеге көтерілуі–патша үкіметінің жергілікті әкімдерін қатты сезіктендіріп, үрейліндіре түсті. Сондықтан да олар бұл кезде Ыбырайға қарсы әртүрлі топтар құрып, оның өрісін тарылта түсу мәселесімен айырықша шұғылданды». [1]

Әрине, өз билігін асырып, қарапайым қазақ даласын басқарып отырған патша үкіметіне ел тұр-

ғындарының білімді болуы аса қажет емес еді. Олар өздерінің түрлі құйтырқы әрекеттерін одан әрі жасырып, ел тұрғындарының сауатсыздығын басынып, билігін одан әрі нығайтуды көздеді. Білімге ұмтылған жігерлі жастардың әрекеті бұл жоспарға кедергі келтіріп, ел арасында жойқын көтеріліс, жүйеге келіспеушілік туындауы мүмкін екендігі билік басындағыларды қатты толғандырды. Сол себепті түрлі себептерді алға тартып, Ыбырай Алтынсариннің жұмыс жасауына үлкен кедергілер пайда бола бастады. Кедергілерге қарамастан, білім беру жүйесі бір жолға қойылғандықтан, қазақ даласында оқу деңгейі түбегейлі тоқтап қалған жоқ. «Кел, балалар, оқылық!» деген өсиеті, үнемі шабыт беріп, ел тұрғындарының білім алуға деген көзқарастары біршама өзгеріске ұшырады.

Алтынсарин негізін салған ағартушылық тағылымды ХХ ғасырдың басында ұлт тағдыры үшін аянбай қызмет еткен Алаш зиялылары жаңа заман талабына орай жүзеге асыруға ұмтылды. [2]

Ыбырай Алтынсариннің тағы бір ерекші қыры, оның жазған кез-келген туындысы оқуға жеңіл, түсінікті тілде, тамаша теңеу арқылы көрініс тапқан. Тіпті, «Балалар әдебиетінің атасы» атануы да бекер емес. Себебі, ұстаздық қызметтен бөлек, оның ақындық және жазушылық шеберлігі өте жақсы дамыған. Әңгімелерінің өзі бір төбе. «Бай баласы мен жарлы баласы», «Бір уыс мақта», «Әке мен бала», «Жаман жолдас», «Жиренше шешен», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Таза бұлақ» және тағы да басқа көптеген шығармалары бүгінге дейін үлкен адамнан кішкентай балаларға дейін мазмұнын жатқа айтатын туындыларға айналған. Олардың әрқайсысында терең мағына, салмақты ой, үлкен өнеге жатыр. Үлкенге құрмет көрсету, еңбек, достық, сезім, өтірік пен шындық, мінез-құлық, табиғаттың тамаша көрінісі шебер суреттелген. Тіпті, ел іргесін дамыту үшін тиімді тұстар да тілге тиек етілген. Мәселен, «Қыпшақ Сейітқұл» деген әңгімесі қазақ топырағында кәсіпкерлікті қалай дамытып, халықтың әл-ауқатын қалай көтерудің айқын мысалы бола алады. Бүгінгі экономикалық ғылым тілімен айтсақ, Сейітқұл акционерлік қоғам құрып, нарықты меңгеріп, рынок заңдары негізінде кәсіпкерліктің нәтижесін көрсетті.

Ол болашаққа сенімді көзбен қарады. Тіпті, заманау құрылғылардың қызметін сол кезеңде өзінің өлеңіне арқау етіп, «Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңінде, кез-келген жаңашылдық білімнің арқасында келіп, тың технологиялар тұрғындардың пайдасына жарап жатқандығын алға тартады.

Табиғатпен тамаша үндесе білетін жан, оның тылсым сырларын, сұлу табиғатын да өз өлеңдеріне қоса білген. «Жаз», «Өзен» деген өлеңдері бұған дейін қазақ даласында кездеспеген тамаша теңеу арқылы көрініс тапқан. Екі туындысында да тек қоршаған ортаны жалаң тілде алмай, адамдардың тұрмыс тіршілігімен байланыстырып, туған жерін сүю арқылы, Отандық сезімді дамыту қажеттігін қатаң ескерген.

Жоғарыда айтылған шығармалардың бәрін бір арнаға топтастырып, Ыбырай Алтынсарин өзінің «Қазақ хрестоматиясы» атты кітабына енгізген. Олардан бөлек, аталмыш оқулықтан орыс жазушыларының да аудармаларын байқауға болады. Бұл өзге елдердің мәдениетімен қазақ даласын таныстыру мақсатында жасалған болатын.

Ы.Алтынсарин қазақ тілі турасынан былайша айтушы еді. «Қазақ тілі соншалық мол, ләкін қазақтың тіліменен қандай кітап болса да жазуға болады...». Қазақша тілдің қазірден жетекші екенін Алтынсарин бір-ақ ауыз сөзбенен айтып қойған жоқ еді. Тағы да өзінің қылған ісімен анықтап көрсеткен еді... Қазақтың халқын һәм тілін жақсы көріп ұмтылған адамдар марқұм Алтынсариннің көрсеткен жолымен жүрсе жарайды.

Ыбырай Алтынсариннің ерекше талантын қазақ зиялылары да мойындап, ерекше құрмет көрсете белген. Оның есімі ұлы Абай атамызбен қатар қойылып, естелік жазбаларға ерекше бағаланған.

Жазба әдебиет Қазақстанда ХІХ ғасырдың орта шенінен бері қарай ғана қалыптаса бастаған еді. Сол жазба әдебиеттің негізін салушылар: ағартушы ақын Құнанбаев Абай мен Алтынсарин Ыбырай еді. [3]

Қазақтың жазба, көркем прозасының негізін қалаған Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев секілді көркем сөз шеберлері... [4]

Бұл жазбаларға қарап, Ыбырай Алтынсариннің үлкен бедеге ие екендігін аңғаруға болады. Сол уақыттан бері қарай Абай қаншалықды қадірлі болса, Ыбырайдың да шоқтығы сондай жоғары. Халқы үшін ыстық, бағасы зор. Қос өрімдей халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, шөл далаға біткен бұлақтай нәрлі сөздерімен сусындатып, халқының құмарын қандыра білген, артында өлшеусіз мұра, өшпейтін із қалдырған жандар, қанша ғасыр өтсе де қасиеттерін жоғалтпақ емес. Өзінің бар саналы ғұмырын білім беруге арнап, мәдениетке бөлген, қазақ даласы үшін қам жеп, қарапайым тұрғындарына алаңдаған жан, үнемі ел жүрегінен мықтап орын алмақ.

«Қазақ халқы оған зор құрметпен қарады. Ыбырай Алтынсарин мұндай құрметке әбден лайықты еді, оның есігі кім-кімге де болса әрдайым ашық болатын: ақыл-кеңестері өз алдына, ол қазақтар үшін қиыншылық жылдарда оларға өзінің дәулетімен де көмектесті», деп жазылған Ы.Д.Соколовтың естелігінде.

Әрине, ұлы тұлға туралы көптеген ыстық естеліктер жетіп артылады. Олардың қайсысын алсақ та, Ыбырай Алтынсаринмен қатар «ағартушы» атағы бірге жүреді. Бұл түсінікке ешкімнің қарсы келмейтіні анық. Себебі, ағартушы деген аты айтып тұрғандай, ағарту ісін, білім беру саласын бірізділікке қойып, қазақ жерінде тұңғыш мектептердің ашылуына түрткі болып, бастауыш және кәсіби мектептердің пайда болуына негіз болған, ер балалармен қатар қыздардың да білім алуын жетілдірген, педагогикалық шеберліктің иесі, алғаш оқулықтардың дүниеге келуіне мұрындық болып, кирилицаның

қолданылу аясын кеңейткен, білім беру ісін жолға қойған жанның қаншама еңбегінің арқасында иеленген атағы. «Ұлы ағартушы» ұғымының аясында оның ерекше шеберлігі, білім мен мәдениетті қатар алып жүруі, тынымсыз еңбек, нақты мақсатын байқауымызға болады. Ол гуманитарлық саланы болсын, жаратылыстану ғылымы болсын жан-жақты меңгертуге тырысып, жаңа көзқарас қалыптастыруға негіз болды. Сан ғасырлар бойы бір жолмен ғана келе жатқан еліне шамшырақ болып, жаңа мәдениетті, жаңа білімді игерулеріне жағдай жасады. Бұл жұмыстардың бәрі оңай келген жоқ. Өзінің атасы Балғожа бидің сенімін толықтай ақтаған Ыбырай, үнемі адалдықты басшылыққа алып, тура бидей көсем, тілі жүйрік шешен атанды. Ой мен сананы баурап алатын шығармалары балаларға да үлкен дерге де әсер етіп, үлкен ой салды.

Тек білім саласында ғана емес, ел дамуы барысында да білек сыбана кірісіп, бірқатар жұмыстарды атқарған азамат, өзінің жан-жақтылығымен ерекшеленген. Қағаз жұмыстарына өте мұқият жан, адами қасиеттері арқылы да тұрғындардың ерекше ықыласын тудырып, өзіне баурап алар мінезімен ерекшеленген.

Ыбырай Алтынсарин туралы айтар сөз көп. Халқымыздың маңдайына біткен текті ұлтың аты тарих беттерінен ешқашан өшпек емес. Білім беру саласында сіңірген орасан еңбегі бүгінгі күнге дейін өзінің өзектілігін жоймай, мұғалімдердің басшылыққа алатын әдіс-тәсіліне айналған.

Өмірі өрнекпен өрілген, бар ықыласы еліне ауып, қазақ халқының қамын жеген жанды қайсар десек артық айтпағанымыз болар. Қаншама қасиет бір бойға дарыған, тұнып тұрған талант иесі, мейірімділік пен адалдықтың символы, ұлт азаматы біздің мәңгілік жүрегімізде!

Әдебиеттер тізімі

1. **Ә. Дербісәлин** Ыбырай Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы // Алматы, «Қазақстан», 1965 – 81 б.
2. **А. Әбсадық** Ы.Алтынсариннің ағартушылық өнегесі және Ахмет Байтұрсынұлы // Қостанай таңы, 27 қазан 2009. – 4 б.
3. **І. Омаров**, Қазақ әдебиетінің идеялық және көркемдік сапасы жоғары болсын.//Әдебиет және искусство №9, 1948.
4. **С. Асылбекұлы** Қазақ повесінің генезисі // Ақиқат, №11, 2008. –191 б.
5. **Қостанай екі сыныптық орыс–қазақ мектебінің оқытушысы Ы.Д. Соколовтың естелігінен.** 28 сентябрь, 1889 жыл.

ӨОЖ 821.512.122.0

Ы. АЛТЫНСАРИННИҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Макеева К. М. – қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы, педагог-зерттеуші. Жетісу университетіні «Zhansugurov college».

Бұл мақалада Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық педагогикалық қызметін, оның ұлттық тарихында қалдырған мұрасын зерттеп қазіргі заман талабына сәйкестігін сипаттауға тырысқан.

Түйінді сөздер: «Тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы», ұстаз-тәрбиеші, Қазақ энциклопедиясы, «Қазақ хрестоматиясы».

Ыбырай Алтынсарин есімі қазақ балалары үшін мектеп ашқан ұлы ағартушы, орыс әдебиеті классиктерінің балаларға арнап жазған шығармаларын қазақ тіліне аударған аудармашы ретінде ғана емес, қазақ жазба әдебиеті тарихында тұңғыш прозаик ретінде де белгілі. Олай дейтін себебіміз, Ыбырайға дейін шын мәнінде көркем проза қазақ жазба әдебиетінде қалыптаспаған еді. Мазмұны жағынан Ыбырай әңгімелері өз заманының келелі мәселелерін қамтиды. Оның шығармалары жас ұрпақты мейірімділікке, адалдыққа, ізеттілікке, ақылдылық пен білімділікке, т.б. ізгі қасиеттерді үйретуге шақырады. Ыбырай «Қазақ хрестоматиясына» Қара батыр, Байұлы, Жиренше шешен, Тазша бала туралы ертегі, Бай баласы мен жарлы баласы, Таза бұлақ, Өке мен бала т.б. тәлімдік мәні зор әңгімелерін енгізді. Қазақ хрестоматиясына енген Ыбырайдың көркем шығармалары өзінің ағартушылық идеясына бағындырылған. Ол әдебиетті бала санасына әсер ететін, сөйтіп, оны жақсы, өнегелі істерге үйрететін мықты құрал деп атап көрсетті.

Ыбырайдың шығармаларын оқи отырып, ол өз заманының беталысын анық аңғарғанын, халық өмірін жаңа арнаға салуда білім мен тәрбие мәселесі қатар жүру керектігіне назар аударғанын көруге болады. Ыбырай әңгімелерінің негізгі қайнары халық тұрмысынан алынған. Өмірді, адам әрекеттерін ешқашан дағдыдан тыс әсірелеп суреттеп, шындықтан алшақтамаған. Кейіпкерлерді шынайы өмірге тән әрекеттері арқылы бейнелеуді мақсат тұтты. Оның әңгімелерін тақырып жағынан еңбек пен өнерге